

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің Ақмола облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 маусым N 906

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің Ақмола облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті Кәсіпорынға қатысты уәкілетті мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі түрі және жылжымайтын мүлік объектілерінің біркелкілік, техникалық және құндылық сипаттарын, сондай-ақ Құқықтық кадастрды жүргізуге байланысты өзге де қызметтерді жүзеге асыру болып белгіленсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.29. N 64 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2) "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 қарашадағы N 1181 қаулысына(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 44 , 387 - қ ұ ж а т) :

1-тармақтағы "Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігінің" деген сөздер "Тіркеу қызметі комитетінің" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен.
Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ